

Бадамша селолық округі әкімінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 1 "Бадамша селолосының Мир көшесін Жоныс Үкібаев атындағы көшесі деп қайта атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Бадамша ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 маусымда № 5549 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Қарғалы ауданының Бадамша ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Бадамша селолық округі әкімінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 1 "Бадамша селосының Мир көшесін Жоныс Үкібаев атындағы көшесі деп қайта атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 3-6-121 болып тіркелген, 2011 жылдың 19 мамырда аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша " селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", ауылының" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарғалы ауданының

Бадамша ауылдық округінің әкімі

Е.Дабилдин